- 3. Қауіпсіздік құралдары мен рәсімдері.** Сіз Ситибанк Сізге сәйкес уақытта берген немесе Сіз үшін қандай болса да басқа нысанда белгілеген пайдаланушының бірыңғай сәйкестендірушілерді, сандық сертификаттарды, қол жетімділік кодтарын, құпиясөздер мен басқа да сәйкестендіру құралдарын (бұдан әрі бірге – «Қауіпсіздік құралдары мен Рәсімдері») қолдануға міндетті боласыз. Сіз Сіз үшін бекітілген қауіпсіздіктің Құралдары мен Рәсімдерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті боласыз және қандай болса да үшінші тұлғаға Жүйеге және (немесе) Жүйенің Контентіне қол жетімділікке ие болуға рұқсат беруге немесе оны уәкілдіруге құқығыңыз жоқ. Сіздің қауіпсіздіктің кез келген Құралы мен Рәсімдерін алмастыруға, жоюға, сөндіруге немесе қандай болса да басқа түрде қолданудан бас тартуға немесе кез келген басқа тұлғаға аталған әрекеттерді жүзеге асыруға көмектеуге (немесе рұқсат етуге) құқығыңыз жоқ, және Сіз сондай кез келген оқиға үшін жеке дара жауапкершілікті боласыз. Сіз Жүйеге және (немесе) кез келген Жүйенің Контентіне кез келген рұқсатынсыз қол жетімділік туралы, немесе Сізге бекітілген қауіпсіздік Құралдары мен Рәсімдерін кез келген жоғалту немесе ұрлануы туралы белгілі болған жағдайда, дереу Ситибанкті хабарландыруға міндетті боласыз. Сіздің фирма Ситибанкке сәйкес уақытта әрбір Уәкілетті пайдаланушыға қатысты дәлелді қажетті болуы ықтималды барлық ақпаратты Ситибанкке ұсынуға және өзекті қалыпта сақтауға міндетті, сондай-ақ Сіздің фирма, кез келген уәкілетті пайдаланушы ие болған қол жетімділік тиісті болып табылмайтын жағдайда, қауіпсіздік Құралдары мен Рәсімдеріне сәйкес көзделген тәртіпте Ситибанкті дереу хабарландыруға келісім береді. Сіздің қол жетімділігіңізді (немесе кез келген Уәкілетті пайдаланушының қол жетімділігін) ешбір өзгертуі немесе тоқтатуы сондай өзгерту немесе тоқтату күшіне енгенге дейін жасалған Өкімнің (төменде көрсетілгендей) немесе Мәміленің әрекетсіздігіне әкелмейді.
- 4. Жүйені қолдану.**

 - (а) Сіздің Жүйені қолдануыңыз барлық қолданыстағы заңдарға, заңнамалық актілерге, құзыретті мемлекеттік сот және реттеуші органдардың ережелері мен нормативтік актілеріне (ұлттық немесе шетелдік), сондай органдармен немесе олардың арасындағы келісімдерге, сондай-ақ кез келген сондай органның түсініктемелеріне («Қолданыстағы құқық») сәйкес болуы тиіс. Сіз өзіңіз үшін Жүйеге,

сондай-ақ ол ұсынатын (немесе ол арқылы ұсыналатын) қызметтер мен контентке заңды қол жетімділік және қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жауапты боласыз. Сіз Ситибанк ол Сіздің қауіпсіздік Құралдарыңыз бен Рәсімдерді қолдана отырып берілген кез келген тұлғаның кез келген Өкімі: (а) Сізден келіп түскенін; (б) біздің жазулардан Сізбен сәйкес келетін әлемдегі жерден шыққанын (бұл ұғым елді, штатты, провинцияны немесе басқа әкімшілік-аумақтық бірлікті қамтиды); және (в) Сіздің фирмаңызбен мақұлданғанын болжауға құқылы екендігімен келісесіз. Сіз үздіксіз негізде төмендегі аталған жағдайларды растайсыз және оған кепілдеме бересіз (Сізге Жүйеге қол жетімділік және қолдануға рұқсат етілген мерзім ішінде):

- (i) Сіз Жүйені тек қана өзіңіздің коммерциялық мақсатта және тек қана осы Келісімге, Жүйені қолдану жөніндегі тиісті басшылыққа және Қолданыстағы құқыққа сәйкес пайдаланасыз;
 - (ii) сіз Жүйені немесе оның кез келген элементін тиісті емес ақпаратты, соның ішінде, атап айтқанда, ол қорлаушы, жала жабу, қысым көрсететін, алаяқтық немесе кесірлі болып саналуы ықтималды кез келген ақпаратты орналастыру немесе басқаға беру үшін, немесе жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығын немесе көпшілікте пайдалану құқығын (*publicity rights*), сонымен қатар кез келген авторлық құқықтарды, тауар белгілерге немесе қызмет көрсету белгілеріне құқықтарды, сондай-ақ басқа мүліктік құқықтарды бұзатын кез келген ақпаратты, бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе басқа материалдарды орналастыру немесе басқаға беру үшін қолданбайтын боласыз;
 - (iii) Сіз Жүйені рұқсатсыз немесе тиісті түрде емес нысанда пайдалануды алдын алу үшін орынды дәрежеде әзірленген және қолданылатын қауіпсіздік жүйелері мен рәсімдерді қолданатын боласыз, және Сіз Уәкілетті пайдаланушылармен және барлық басқа жұмыскерлермен барлық сондай қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз ететін боласыз;
 - (iv) Сіз барлық хабарламаларды, рұқсаттар мен мақұлдауларды алдыңыз немесе алатын боласыз, сондай-ақ оларды бар болуын қамтамасыз ететін боласыз және Сіз Жүйені қолдана алу үшін және ол арқылы кез келген Мәмілелерді жасаса алу үшін, сондай-ақ өзіңіздің сондай Мәмілелер бойынша және осы Келісім бойынша міндеттемелеріңізді орындай алу үшін, реттеуші органдарға Қоланылатын құқыққа сәйкес қажетті барлық ақпаратты ұсынатын боласыз;
 - (v) Сіз өзіңіз немесе Сіздің осы Келісімге сәйкес қауіпсіздік Құралдары мен Рәсімдерді сақтауға және қорғалуын қамтамасыз етуге қабілетсіздігіңіз салдарынан Жүйеге қол жетімділікке ие бола алатын кез келген басқа жеке немесе заңды тұлға Жүйені кез келген (соның ішінде тиісті түрде тыс) пайдаланғаны үшін барлық жауапкершілікті өзіңіз көтеретін боласыз.
- (б) Сіз Агент ретінде әрекет ететін жағдайларда, Сіз төмендегі аталған жағдайларды растайсыз және оған кепілдеме бересіз:
- (i) Сіздің осы Келісімді жасасуға (соның ішінде, шектеусіз, осы 4-бөлімде аталған кепілдімелерді беруге) бар, Жүйеге Сіздің фирмаңыздың атынан қол жетімділікке ие болуға және оны қолдануға, сондай-ақ Сіз аталған қол жетімділікке және қолдануға байланысты жүзеге асыратын кез келген міндеттемелерді орындау үшін Сіздің фирмаңыздың ресурстарын пайдалануға барлық өкілеттіктеріңіз бар;
 - (ii) Сіздің фирмаңыздың атынан кез келген Мәмілені жасау кезінде Сізде Сіздің фирмаңыз аталған Мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайды деп болжауға негіздер жоқ;
 - (iii) Сіздің фирмаңыздың атынан кез келген Мәмілені жасау кезінде Сізде Сіздің фирмаға Қолданылатын құқыққа сәйкес, соның ішінде ББҰ-мен, АҚШ-мен, Біріккен патшалықпен немесе ЕО-мен белгіленген сондай Мәмілеге қатысуға қандай болса да шектеулер немесе тыйым салулар қолданылады деп болжауға негіздер жоқ.
- (в) Ситибанк төмендегі аталған жағдайларды растайды және оған кепілдеме береді:
- (i) Ситибанк Сізге осы Келісімнің және шарттарына және Қолданыстағы құқыққа сәйкес Жүйені ұсынатын болады;
 - (ii) Ситибанк Жүйенің бүтінділігін қамтамасыз ету мақсатында, қауіпсіздіктің тиісті технологияларын енгізіп, оларды қолдану үшін коммерциялық тұрғыдан орынды күшін салатын болады ;
 - (iii) Ситибанк Сізге Жүйені ұсыну үшін және ол арқылы кез келген Мәмілелерді жасасу үшін, сондай-ақ аталған Мәмілелер бойынша және осы Келісім өзінің міндеттемелерін орындау үшін Қолданыстағы құқыққа сәйкес қажетті болып табылатын барлық рұқсаттар мен мақұлдауларды алды және олардың бар болуын қамтамасыз ететін болады. Жоғарыда аталғанға қарамастан, Сіз

Ситибанктің барлық юрисдикцияларда лицензиясы, тіркеулері, өкілеттіктері немесе рұқсаттары болмауы мүмкін екендігін түсінесіз және онымен келісесіз, және Сіз Жүйені қолдануымен өзіңіз қатысатын кез келген юрисдикциядағы келген қызмет Қолданылатын құқыққа сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін жауапты боласыз.

- 5. Елдер туралы хабарландырулар.** Егер Сіз осы Келісімге қоса берілетін Елдер туралы қосымшада көрсетілген юрисдикциялардың бірінде болсаңыз, немесе егер Сіз аталған юрисдикциялардың бірінде Ситибанкпен немесе оның қандай болса да аффилирленген тұлғасымен мәміле жасасатын болсаңыз, Сізге сондай юрисдикцияға қатысты Елдер туралы қосымшада көрсетілген шарттардың әрекеті қолданылады. Елдер туралы қосымша мен осы Келісім арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, тек қана осы юрисдикция мәмәтінінде Елдер туралы қосымшадағы шарттардың басыңкыл күші бар.

Ситибанк уақыт уақытымен Елдер туралы қосымшаға өзгертулер енгізуге, кез келген юрисдикция бойынша шарттар қосуға немесе оларды өзгертуге, немесе жаңа юрисдикиц ялар бойынша шарттар қосуға құқылы. Ситибанк Сізді Сізге қатыс бар ғана Елдер туралы қосымшаға жасалған өзгертулер туралы хабарландыратын болады.

- 6. Өкімдер мен мәмілелер.** Сіз және Сіздің фирма Сіздің сәйкестендіру деректеріңіз және (немесе) Сізге бекітілген қауіпсіздік Құралдары мен Рәсімдері онымен сәйкес келетін, Жүйе арқылы жолданатын барлық жарлықтар, хабарламалар (соның ішінде ауызша), телекс, факстер және басқа да хат-хабар (соның ішінде сатып алуға немесе сатуға тапсырыстар) «Өкімдер» үшін жауапты боласыз. Сіз өзінің тәуекелге Ситибанкке Өкімдерді бересіз және Ситибанк үшін оны орындауды бастағанға дейін кез келген Өкімді растау талап етілмейтінімен келісесіз. Сіз және Ситибанк арасындағы кез келген міндеттейтін мәміле тек Ситибанк сізге сондай мәмілені қабылдағанын растауды (соның ішінде қолданылатын валюта бағамын растауды) жолдағаннан кейін ғана орын алады. Сіз Ситибанк сұранымдарды барлық мүмкін күшін сала отырып қабылдайтынын және өндейтінін түсінесіз және онымен келісесіз. Ситибанк, өзінің қарауы бойынша әрекет ете отырып, кез келген Өкім негізінде іс-әрекет етуден бас тартуға құқылы, сондай-ақ уақыт уақытымен белгілі бір қаржы құралдарымен сауда операцияларын шектеуге құқылы. Ситибанк кез келген Мәмілелерден бас тартуға, олардың күшін жоюға немесе бұзуға, немесе оның шарттарын өзгертуге (әрбір жағдайда – Жүйе арқылы) құқылы, соның ішінде келесі жағдайларда: (1) Мәміле кез келген заңды немесе нормативтік құқықтық актіні бұза отырып немесе қайшы келе отырып, немесе заңсыз немесе тиісті емес жағдайларда, нарықтың құбылмалылығы және «немесе шектелген өтімділік кезеңі ішінде, қате бағамдар немесе бағаларды қолдана отырып жасалған кезде, және (немесе) (2) Растау Жүйедегі қатеге байланысты қалыптастырылған болса. Осы б-бөлімге сәйкес жүзеге асырылатын кез келген сондай бас тарту, күшін жою, бұзу немесе өзгерту туралы Сіз барынша қысқа мерзімде хабардар боласыз, ал сәйкес Мәміленің шарттары өзгертілген жағдайда, сондай өзгертулерді көрсететін растау алдыңғы растауларды алмастыратын болады және сәйкес міндеттейтін Мәмілені есепке алу туралы жазудың артқышылық күшіне ие болып табылады. SMS-мәлімдемелер немесе push-хабарламалар арқылы жолданатын мәмілелер туралы хабарламалар растау болып табылмайды. Сіз үздіксіз негізде төмендегі аталған жағдайларды растайсыз және оған кепілдеме бересіз:

- (а) Сіздің фирма Сіз өзіңіз көрсеткен факс нөмірі, электронды пошта мекенжайы немесе SWIFT жүйесіндегі мекенжай бойынша жолданылатын, Жүйені қолдану арқылы немесе факсимильді хабарламалар, электронды пошта немесе SWIFT жүйесіндегі хабарламалар арқылы жасасқан барлық Мәмілелер және оларды растауларға («Растаулар») байланысты дербес түрде әрекет етеді және дербес түрде әрекет ететін тұлға ретінде жауапкершілікті болады, осымен сіз барлық таңдалған байланыс құралдарына қатысты барлық қатерлерді өзіңізге қабылдайсыз. Сіздің фирманың Мәмілелерді жасасуға және (немесе) Растауларды беруге барлық өкілеттіктері, құқықтық қабілеті және құқықтары бар; Мәмілелер және (немесе) растаулар, оларда көрсетілген шарттарға сәйкес мәжбүрлеп орындалауы мүмкін болатын, Сіздің фирманың заңды, әрекетті және міндеттеу күші бар міндеттемелері болып табылады; Сіз Агент ретінде әрекет ететін жағдайларда, осы б(а)-бөлімдегі «Сіздің фирмаға» сілтеме Сіз Ситибанкті сіз Агент ретінде әрекет ететінін хабардар еткен, және Сіздің Сіз өкілдік ететін тұлға атынан Жүйені қолдану өкілеттіктеріңіздің Ситибанк үшін орынды деңгейде жеткілікті дәлелдерді ұсынған болсаңыз, Сізді немесе Сіздің жұмыс берушіңізге емес, тек қана Сіз өкілдік ететін тұлғаны көрсету ретінде түсіндіріледі;
- (б) Сіздің фирма кез келген Мәмілелердің шарттары мен қатерлерін бағалауға және түсінуге (өзі немесе тәуелсіз кәсіби сарапшының көмегімен) қабілетті, және оларды түсініп, қабылдайды; сондай-ақ сіздің

фирма кез келген Мәмілемен байланысты қаржылық және өзге қатерлерді өзіне қабылдауға қабілетті (және өзіне қабылдайды); әрбір көрсетілген Өкім (i) Сіздің біліктілігіңіз бен тәжірибеңіз, қауіпсіздікті бақылау шаралары мен қаржы жағдайыңыз тұрғыдан тиісті; (ii) Қолданыстағы құқыққа сәйкес келетін; және (iii) Сіздің фирмаңыздың корпоративтік басқару қолданылатын талаптарына және сіздің фирмаңыздың барлық қолданылатын ішкі ережелері мен саясатына сәйкес болып табылады және болып табылатын болады;

- (в) Сіздің фирма Алгоритмикалық стратегияларды тек қана өзінің ішкі коммерциялық мақсатында және осы Келісім мен Қолданыстағы құқық шарттарына сәйкес пайдаланатын болады. Сіз кез келген Аогоритмикалық стратегияны қолдану мүмкіндігін, сондай-ақ кез келген ұқсас критерийлерді өзіңізге қол жетімді Ақпаратқа байланысты жеке талдайтын боласыз. Сіз кез келген Алгоритмикалық стратегияның қатерлерін, соның ішінде (i) нарықтық жағдайлар алгоритмге оның стратегияларына, параметрлеріне, қатерлерді бақылау функцияларына немесе контрагенттердің күтулеріне сәйкес міндетін атқаруға мүмкіндік бермейтіні қатері; (ii) Алгоритм өтімділікті айқындайтын жағдайда, алгоритмикалық сұраныстардың Жүйе арқылы сауда жасайтын нарықтың басқа қатысушыларының мінез-құлқы алдындағы әлеуетті осалдығын; (iii) технологиялық немесе операциялық кідірістер, кез келген деңгейдегі немесе кез келген көздегі (соның ішінде, шектеусіз, сыртқы және (немесе) ішкі Жүйелер мен Сіздің сауда операцияларыңызды жүргізуге арналған байланыс/интерфейс) жаңылулар немесе қателіктер салдарынан туындайтын уақытша іркеліс қатерін қосқанда әлеуетті қатерлерді өзіңіз жеке талдайтын боласыз;
- (г) Кез келген Мәмілеге қатысты *Citibank, N.A.* (немесе оның аффилирленген тұлғалары) дербес түрде, бірақ сіздің фирмаңыздың брокері, агенті, сенім берілген тұлғасы немесе кеңесшісі (немесе кез келген басқа соған ұқсас ретте) ретінде емес әрекет етеді, сондай-ақ Сіз Ситибанк адал түрде әрекет ете отырып, өтінімдерді қабылдап, өндейтінін мойындайсыз және онымен келісесіз. Сауда операцияларын жүзеге асыруына қатысты барлық шешімдер – кез келген Мәміле тиісті және орынды болса да болмаса да – өзіңіздің пікіріңіз бойынша ғана (оларды тағайындауды өзіңіз қажетті деп санаған кеңестер негізінде) және сәйкес қаржы құралының экономикалық көрсеткіштері мен оның күрделілігін, сондай-ақ қосалқы нарықтық, кредиттік және валюталық қатерлерді қосқанда, сәйкес факторларды тәуелсіз талдау негізінде ғана қабылдайтын боласыз; сіздің фирма *Citibank, N.A* немесе оның аффилирленген тұлғарынан келіп түскен ешбір хабарламаларға қандай болса да мәмілені жасасу жөніндегі инвестициялық консультациялар немесе кеңестер ретінде сүйенбейді, сонымен қатар Сіз кез келген Мәміленің шарттарына қатысты мәліметтер мен түсіндірулер Мәмілені жасасу жөніндегі инвестициялық консультациялар немесе кеңестер ретінде қарастырылуға жатпайтынын түсінесіз; сіздің фирма *Citibank, N.A* немесе оның аффилирленген тұлғарынанқандай болса Мәміледен күтілетін нәтижелерге қатысты ешбір кепілдімелер немесе растаулар алған жоқ, Сіз Жүйені заңдарға немесе нормативтік құқықтық актілерге қайшы келетін, немесе: (i) нарыққа манипуляциялық немесе бұрмалайтын әсерін тигізуі мүмкін; (ii) өнімдердің немесе кез келген негізгі құралдардың немесе сәйкес қаржы құралдардың бағасы, көлемі немесе сұраныс пен ұсыныс деңгейі туралы жалған немесе жаңылыстыратын пікірге әкелетін; (iii) коммерциялық мақсаты жоқ (жалған мәміле аталатын, "wash trades"); (iv) ақпаратты тиісті түрден тыс пайдалануға әкелетін; (v) трейдингті немесе клиринг жүйесіне қол жетімділікке кедергі жасауы мүмкін болатын; немесе (vi) Ситидің пікірі бойынша, Жүйенің немесе нарықтың мінездемелерін немесе сипаттамаларын теріс пайдалануына немесе адал емес пайдаға ие болуына әкелетін кез келген мақсаттарда пайдаланбауға тікелей міндеттенесіз;
- (д) Сіздің фирма және *Citibank, N.A.* компаниясының белгілі бір филиалы немесе Ситибанктің аффилирленген тұлғасы (сіздің фирма онымен қызмет ететін) қандай болса да ISDA келісімін немесе Сіз Жүйені қолдана отырып жасасатын сияқты мәмілелерді реттейтін басқа бас келісімді жасасқан болсаңыз (немесе жасасқан ретінде саналатын болса), немесе осы Келісімді жасасқаннан кейін Сіз кез келген ISDA келісімін немесе Сіз Жүйені қолдану барысында қатысатын басқа бас келісім жасасатын болсаңыз, Растаулар сондай бас келісімнің шарттарына сәйкес келетін болса саналады, ал кез келген растау – Ситибанктің сәйкес тұлғасымен (нақты жағдайға байланысты) жасалған сондай бас келісімнің шарттарын қамтитын болып саналады;
- (е) Сіздің фирма мыналарды түсінеді және онымен келіседі: (i) сөйлесу жазылып жатқанын кезде телефон байланыс ыарқылы жасалған кез келген мәміле, сәйкес сөйлесу орын алған күннен бастап заңи міндеттесі бар мәміле болып табылады; (ii) кейінгі Растау әрекетті әрі міндеттеу күші бар ауызша жасалған келісімнің жазбаша растауы ғана болып табылады; және (iii) жүзеге асырылмаған Растауларды алмасу олар қатысты болып табылатын ауызша келісімнің әрекетсіздігіне әкелмейді;

- (ж) Ситибанк Сізбен мәміле жасайтын кезде, Ситибанктен Қолданыстағы құқыққа сәйкес Мәміле және оны жасасу туралы ақпаратты жариялау (немесе Ситибанк Мәміле бойынша мәліметтерді есеп беру және (немесе) сақтауы жөніндегі бұйрық, өкім немесе талапқа немесе мемлекеттік және реттеуші органның немесе мекеменің кез келген басқа соған ұқсас мәлімдемесіне жауап ретінде құқылы) немесе оны кез келген құзыретті реттеуші, сот, салық немесе мемлекеттік органға немесе мекемеге, сондай-ақ юрисдикциядағы орталық банкке, ұлттық, шетел және (немесе) басқа тұлғаға ұсынуға талап етіле алады;
- (з) Ситибанк Сіздің бөлек келісіміңізге ие болған жағдайларда (немесе оған кейін ие болған жағдайларда), Ситибанк Сізге электронды хабарлама, PDF форматындағы файл түрінде немесе қағаз тасығыш болып табылмайтын кез келген басқа тұрақты тасығышта ақпаратты тұрақты тасығышта талап етілетін ақпаратты ұсынуға құқылы. Сіздің бөлек келісіміңіз бойынша Ситибанк сондай-ақ Сізге жеке бағытталмаған белгілі бір ақпаратты Біз сізге хабарлайтын болатын веб-сайттарда орналастыруға құқылы болады.

7. Есеп айырысулар мен төлемдер. Сіз өзіңіз немесе Сіздің фирма Ситибанкке қатысты иеленуіңіз мүмкін болатын кез келген есепке алу немесе қарсы наразылық білдіру кез келген құқықтарыңызға қарамастан, сондай-ақ қандай болса да салықтарды ұстап қалуынсыз немесе шегеруіңіз (керісіншесі Қолданыстағы құқықпен талап етілетін жағдайларды қоспағанда), сондай сомалар төленуге жататын сайын, Сізбен Жүйені қолдана отырып жасалатын кез келген Мәмілелерге қатысты Сізбен төленуге жататын барлық сомаларды төлеуге келісесіз. Сіз Ситибанкке бір немесе бірнеше Алгоритмикалық стратегияларды қолдана отырып жасалған кез келген Мәмілеге байланысты сыйақы («Пайдаланушылық сыйақы») төлеуге міндетті боласыз. «Пайдаланушылық сыйақы» Ситибанк кез келген сәтте, егер Ситибанк өзінің қарауы бойынша әрекет ете отырып, нарықтық жағдайда (соның ішінде, өзгелерден басқа, пайыздық мөлшерлемелердің немесе валюталық бақылаудың өтімділігіне немесе құбылмалылығына қатысты, немесе сәйкес валюталарға әсер ететін валюта саясатындағы өзгерістер) өзгерістер (қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді) орын алғанын, немесе ықтималды болатын анықтайтын болса, әрекеттегі Пайдаланушылық сыйақыны өзгертуге құқылы болатын жағдайда, біздің арамыздағы белгілі бір уақыттағы жазбаша түрде жасалған мөлшерлеме болып табылады. Ситибанктің кез келген Мәміле бойынша есеп айырысу міндеттемесі Ситибанкпен есеп айырысу күнінен кешіктірмей (немесе Ситибанктің есептесу агенттері тарабынан сондай есеп айырысуды алғаны жөніндегі қолайлы растауымен) Сізбен немесе Сіздің атыңыздан сондай күнге ұсынылуға тиісті болатын барлық қажетті құжаттарды, қаржы құралдар мен қаржы қаражатты алуымен ескеріледі. Ситибанк ол Қолданылатын құқықпен талап етілетін болса, төлемдерден шегерімдер немесе ұстап қалулар жасауға құқылы. Сіз өзіңіз Жүйені қолдана отырып жасаған Мәмілелер нәтижесінде төленуге жататын кез келген салықтарды немесе басқа ұқсас немесе қосалқы сомаларды төлеу үшін жауапты боласыз және Сіз Ситибанкке немесе оның аффилиирленген тұлғаларына Ситибанк немесе оның аффилиирленген тұлғалары көтерген салықтарды өтеуге міндетті боласыз (егер бұл сомалар шегірлмейтін және ұстап қалынбайтын болса). Барлық жағдайларда Сіз Ситибанкке және оның аффилиирленген тұлғаларына салықтарға қатысты кез келген наразылықтарға байланысты туындаған залалдарды өтеуге міндетті боласыз. Ситибанк те, оның аффилиирленген тұлғалары да сондай салықтарға қатысты мемлекеттік органдар немесе реттеуші органы тарабынан қандай болса да талапқа наразылық білдірмейді. Сіз Ситибанктің Мәміле бойынша барлық міндеттемелері тек қана *Citibank, N.A.* белгілі бір филиалымен немесе Ситибанктің аффилиирленген тұлғасымен (онымен Сіздің фирма қызмет ететін) төлем жасау есебінен өтелуге жататындығымен және Ситибанктің сондай филиалы немесе сәйкес аффилиирленген тұлғасы орналасқан елдің заңнамасымен (соның ішінде кез келген үкіметтік актілермен, бұйрықтармен, өкімдер/қаулылармен және нормативтік құқықтық актілермен) реттелетінімен келісесіз, сонымен бірге сондай филиал немесе аффилиирленген тұлға оған өзінің міндеттемелерін орындауға мүмкіндік бермейтін өзге бой бермейтін күш жағдайлары туындаған кезде жауапкершіліктен босатылады, және бұл жағдайда Сіздің фирма Ситибанктің бас кеңесіне, кез келген басқа филиалына, еншілес банкіне немесе аффилиирленген тұлғасына кез келген сондай міндеттемені орындамағанның (немесе орындамаудың қатері) салдарынан туындаған кез келген залал, зиян немесе басқа жағдайларға қатысты талап арыз ұсынуға құқылы емес. Ситибанк Ситибанк сіздің мүдделерде үшінші тұлғалардың жасаған төлемдерден алған шегерімдер немесе ұстап қалулар үшін жауапты болмайды.

8. Зерттеу және есеп айырысу функциялары. Ситибанк Сізге Жүйеге байланысты зерттеу ұсынатын болса, кез келген сондай зерттеу ескерусіз өзгергілуі немесе жойылуы мүмкін, сонымен бірге ол заңи, бухгалтерлік, салық немесе инвестициялық кеңес беру болып табылмайды, Ситибанктің кез келген өнімді немесе Мәмілені сатып алуға, сатуға немесе иеленуге себеп немесе кеңесі, немесе белгілі бір сауда стратегиясы немесе өнім

Сіз үшін орынды болып табылады деген сендіруі болмайды. Сондай зерттеуді әзірлеу барысында Ситибанк белгілі бір тұлғаның инвестиция мақсаттарын, қаржы жағдайы немесе нақты қажеттіліктерін ескермейді, сондай-ақ қандай болса да басқа негіздерде дербес инвестициялық консультациялар немесе кеңестер ұсынбайды. Сіз мыналармен келісесіз және оны мойындайсыз: (а) Ситибанк Сізге зерттеу жариялауларды немесе кеңестерді ұсыну бойынша міндетті емес; (б) Сіз зерттеу жариялауларды немесе кеңестерді алған болсаңыз, Сіз оларды Ситибанктің басқа клиенттерімен бір мезгілде алмауыңыз мүмкін; және (в) Ситибанк Сізбен (немесе Сіз үшін) мәміле жасасу барысында немесе Сізбен қандай болса да басқа қызмет жүргізген (немесе Сіз үшін) кезде қандай болса да зерттеу жариялауларды немесе кеңестерді (немесе олар соның негізінде әзірленген материалдарды) ескеруге міндетті емес. Жүйенің кейбір элементтері (соның ішінде, атап айтқанда, экзотикалық опциондарға қатысты элементтер) нақты Мәмілелер жасасуға мүмкіндік бермейді, олардың функциясы теориялық көрсеткіштерді немесе бағаларды ұсыну болып табылады. Сіз Мәміле мақсаттарында жүзеге асыру мүмкін емес сондай бағалар мен басқа көрсеткіштер («Жүзеге асырылмайтын көрсеткіштер») тек қана ақпараттық мақсатта және Сізге болжамды сценарийлерді қарастыруда көмек көрсету үшін ғана ұсынылатынын түсінесіз және онымен келісесіз. Сондай Жүзеге асырылмайтын көрсеткіштер «Сол күйде» ұсынылады, және Ситибанк оларға қатысты немесе Сізге ұсынылған есептердің тиімділігі (немесе нақтылығы) жөніндегі ешбір кепілдіктер немесе сендірулер бермейді. Ситибанк Сіздің Жүзеге асырылмайтын көрсеткіштерді қолдануыңызға байланысты туындаған кез келген залал үшін жауапты емес.

Жүйе калькуляторларды, сондай-ақ талдау, функционалды, сигналды, ақпараттық, бағалау құралдарын, түсініктемелер ұсынуға арналған құралдарды (мысалы, нақты, дербестендірілген мәлеметтер және (немесе) туынды қаржы құралдары нарығы туралы мәліметтер, сондай-ақ нарықтық өтімділік индикаторлары) және/немесе сізге болжамды сценарийлерді қарастыру үдерісін (соның ішінде, атап айтқанда, хеджерлеудің ықтималды тәсілдерін талдау) және шешім қабылдауды жеңілдететін басқа құралдарды (бұдан әрі бірге – «Калькуляторлар») қамтуы мүмкін. Ситибанк Калькуляторлармен және (немесе) оларды әзірлеу үшін қолданылатын алгоритмдерге, технологияларға, идеяларға және (немесе) қандай болса да басқа мәліметтерге қатысты ешбір сендірулер немесе кепілдемелер ұсынбайды.

Сіз хедж-сигналдарды және аталған Калькуляторлармен тудырылған барлық басқа ақпаратты, сондай-ақ сіз Калькуляторларға енгізетін ақпаратты (бұдан әрі бірге – «Сіздің калькуляторлар контенті») тәуелсіз бағалау үшін дербес жауапкершілікті боласыз. Сіздің калькуляторларыңыздың контенті Жүйе Контентінің бір бөлігі болып табылады. Ситибанк Сіздің Калькуляторлар Контентінің толықтығына, жектіліктілігіне, қолайлылығына, нақтылығына, уақытылығына және (немесе) пайдалылығына қатысты ешбір сендірулер мен кепілдемелер бермейді. Ситибанк Сіздің Калькуляторлар Контентіңізді тұрақты немесе өзге есепке алуын жүргізбейді. Сіз және Сіздің фирма сондай ақпаратқа қол жетімділікке қатысты Сіз белгілеген талаптарды қамтамасыз ету үшін өзіңіз шара қолдануға келісесіз.

Сіздің Калькуляторларды және Сіздің Калькуляторлар Контентіңізді қолдауына қатысты сіз мыналарды мәлімдейсіз, онымен келісесіз және мойындайсыз:

- (а) Сіз инвестициялық, салық, құқықтық және бухгалтерлік мәселелер бойынша (соның ішінде Калькуляторлардың немесе Сіздің Калькуляторлар Контентіңіздің сәйкестігі немесе жарамдылығы туралы шешімдер) Ситибанктің кеңестеріне сүйенбейсіз; Сіз өзіңіздің жеке кәсіби кеңесшілеріңіз бен мамандарыңызға жүгінесіз және олардың инвестициялық, салық, құқықтық және бухгалтерлік мәселелер бойынша кеңестері мен қорытындылары негізінде әрекет ететін боласыз, сондай-ақ өзіңіз талдау жүргізіп, аталған тұлғалардың кеңестері негізінде шешім қабылдайтын боласыз;
- (б) Ситибанк Сіздің Калькуляторларыңыздың Контентіне қатысты жеке кеңестер берген жоқ және Калькулятордың қол жетімділігі салдарынан өзге түрде кеңестер бермейді;
- (в) Сіз Сіздің Калькуляторлар Контентіңіздің артықшылықтарын бағалауға және түсінуге (өзіңіз немесе тәуелсіз кәсіби кеңесшілерді тарту арқылы) қабілеттісіз;
- (г) Сіз Ситибанкке сүйенбей отырып, Сіздің Калькуляторлар Контенті негізінде кез келген стратегияны қабылдау, іске асыру, өзгерту, бастау, тоқтату, қабылдау немесе жүзеге асырмау туралы мәмілелер жасасу және (немесе) қабылдау жөнінде кез келген шешімнің экономикалық қатерлері мен пайдаларын, сондай-ақ инвестициялық, құқықтық, салық және бухгалтерлік ерекшеліктерін анықтайтын боласыз, және сондай қатерлерді қабылдауға қабілеттісіз;
- (д) Сіздің Калькуляторлар Контентіңіз Сізге тиесілі Құпия ақпарат болып табылады. Ситибанк нақты Калькуляторға қатысты қызметтер көрсетуіне және бақылауына қатысатын өзінің қызметкерлері, агенттері мен мердігерлері үшін Сіздің Калькуляторлар Контентіңізге қол жетімділікті шектейтін

болады. Сондай тұлғалар шетел валютасын сату бойынша мәмілелерге уақыт уақытымен қатыса алады және Ситибанктің немесе оның Аффилиирленген тұлғаларының сауда операцияларын жүргізе алады («Сату бойынша маман(дар)»). Сату бойынша маманға Сіздің Калькуляторлар Контентіңіздің қандай болса да бөлігіне қол жетімділік ұсынудан бұрын, Ситибанк сондай қол жетімділік қажетті болатын сепептерді түсіндіріп, Сіздің жазбаша келісіміңізді сұраныс ететін болады. сіздің Калькуляторлар Контентіңізге қол жетімділік Сату бойынша маманға тек қана Сіздің алдын ала берілген жазбаша келісіміңіз бойынша ұсынылады. Қол жетімділік Сізбен келісілген көлемде ұсынылатын болады. Сіз Ситибанкке жазбаша хабарлама жолдай отырып, кез келген уақытта кез келген Сату бойынша маманға Сіздің Калькуляторлар Контентіне қол жетімділікті тоқтатуға немесе шектеуге құқылы боласыз.

- 9. Құқықтарды сақтау.** Сіздің Ситибанкпен қарым-қатынастарыңыз аясында Ситибанктің Жүйеге және барлық Жүйе Контентіне (соның ішінде, атап айтқанда, кез келген оған енгізілген Ситибанкпен әзірленген алгоритмдер) қатысты ерекше құқықтары (*exclusive ownership*), лицензиялары және(немесе) пайдалану құқықтары бар, сондай-ақ оларға қатысты (соның ішінде мәлімдемелер) әлемнің кез келген жерінде сәйкес авторлық құқықтары, тауар құқықтары, қызмет ету құқықтары, патент құқықтары, өндіріс құпиясына құқықтары, сондай-ақ зияткерлік қызмет нәтижелеріне және дараландыру құралдарына (тіркелген немесе тіркелмеген) кез келген басқа құқықтары бар. Сізге осы Келісімге сәйкес Жүйеге және Жүйе Контентіне қол жетімділік беретін және (немесе) оларды қолдану құқығын беретін Сізге ұсынылатын шектелген лицензия Сізге Жүйеге және (немесе) Жүйе Контентіне қатысты айрықша құқықтарды немесе заңды мүдделерді ұсынбайды. Сіздің, ол Қолданыстағы құқықпен тікелей рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда,: (i) Жүйені немесе Жүйе Контентінің барлығын немесе қандай болса да бөлігін кез келген үшінші тұлғаның пайдасына ашуға, сатуға, жалға беруге, жаңғыртуға, қайта сатуға немесе қандай болса да басқа түрде таратуға (сондай-ақ олардың негізінде туынды өнімдерді қалыптастыруға), немесе (ii) Жүйені немесе Жүйе Контентінің көшірме жасауға, өзгертуге, қайта құрастыруға немесе кері әзірлеуін (*reverse engineer*) жүзеге асыруға құқығыңыз жоқ. Сіздің Жүйедегі немесе Жүйе Контентіндегі кез келген авторлық құқықты қорғау белгілерін немесе басқа мәлімдемелерді, шартты белгілерді жоюға, жасыруға немесе өзгертуге құқығыңыз жоқ.

10. КЕПІЛДЕМЕЛЕРДІ ҰСЫНУДАН БАС ТАРТУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ.

ЖҮЙЕ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЖҮЙЕ КОНТЕНТІ «СОЛ КҮЙІНДЕ» ҰСЫНЫЛАДЫ ЖӘНЕ «БАР БОЛҒАН КЕЗДЕ» СИТИБАНК ҚҰҚЫҚПЕН ЖОЛ БЕРІЛЕТІН БАРЫНША ДЕҢГЕЙДЕ ЖҮЙЕГЕ, ЖҮЙЕ КОНТЕНТІНЕ НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН БАСҚА МӘСЕЛЕ БОЙЫНША КЕЗ КЕЛГЕН БОЛЖАМДЫ КЕПІЛДЕМЕЛЕРДІ, МӘЛІМДЕМЕЛЕРДІ НЕМЕСЕ БАСҚА ШАРТТАРДЫ (СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ САПАҒА, БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІК НЕМЕСЕ ТАУАРЛЫҚ КҮЙІНЕ ҚАТЫСТЫ) ҰСЫНУДАН БАС ТАРТАДЫ. СИТИБАНК СОНДАЙ-АҚ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚПЕН ЖОЛ БЕРІЛЕТІН БАРЫНША ДЕҢГЕЙДЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ БОЛМАУЫНА КЕПІЛДЕМЕ БЕРУДЕН БАС ТАРТАДЫ.

ОСЫ КЕЛІСІММЕН ТІКЕЛЕЙ КӨЗДЕЛГЕН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, СИТИБАНК ЖҮЙЕ КОНТЕНТІН НЕМЕСЕ ЖҮЙЕ АРҚЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТІМДІ АҚПАРАТТЫ ӨЗЕКТІ КҮЙДЕ САҚТАУ, ОЛАРДА ҚАТЕЛІК НЕМЕСЕ ВИРУСТАРДЫҢ БОЛМАУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ҮЗДІКСІЗ ЖҰМЫСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ НЕМЕСЕ ТҰРАҚТЫ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАНДАЙ ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ҚАБЫЛДАМАЙДЫ. СИТИБАНК ӨЗІНЕ ҚАНДАЙ БОЛСА ДА СӨТТЕ БЕЛГІЛІ БОЛУЫ ЫҚТИМАЛДЫ ЖҮЙЕ КОНТЕНТІНДЕГІ НЕМЕСЕ АҚПАРАТТАҒЫ ҚАТЕЛЕРДІ ТҮЗЕТУ НЕМЕСЕ СІЗГЕ ХАБАРЛАУ БОЙЫНША, НЕМЕСЕ СІЗГЕ ЖҮЙЕ КОНТЕНТІНДЕГІ, АҚПАРАТТАҒЫ НЕМЕСЕ ОЛАРҒА ҚОСЫЛҒАН ӘДІСТЕМЕДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ БОЙЫНША ҚАНДАЙ ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ҚАБЫЛДАЙМАДЫ. СИТИБАНК ЖҮЙЕНІҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫН БЕЛГІЛЕЙ АЛАТЫНДЫҒЫНА ҚАРАМАСТАН,СИТИБАНК ЖҮЙЕНІҢ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БӨЛІГІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ТОҚТАТУҒА НЕМЕСЕ ХАБАРЛАУСЫЗ ОҒАН ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУГЕ ҚҰҚЫЛЫ.

СІЗ ЖҮЙЕГЕ ИНТЕРНЕТ НЕМЕСЕ БАСҚА ЖАЛПЫ ҚОЛ ЖЕТІМДІ НЕМЕСЕ МЕНІШК ЖЕЛІЛЕР АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК ҚАУІПСІЗ ЕМЕС БОЛУЫ МҮМКІН ЕКЕНДІГІН МОЙЫНДАЙСЫЗ. СИТИБАНК СИТИБАНК ТАРАБЫНАН ӨРЕСКЕЛ АБАЙСЫЗДЫҚ НЕМЕСЕ НИЕТ САЛДАРЫНАН ЕМЕС ТУЫНДАЙТЫН ҚАУІПСІЗДІКТІ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ҚАНДАЙ ДА ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛМАЙДЫ.

ЖҮЙЕДЕ БАСҚА САЙТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР БОЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДА, СОНДАЙ СІЛТЕМЕЛЕР ТЕК

ҚАНА БЫҒАЙЛЫЛЫҚ ҮШІН КЕЛТІРІЛЕДІ ЖӘНЕ СИТИБАНК ТАРАБЫНАН ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨЗДЕЛМЕЙДІ, ЖӘНЕ СІЗ ОНЫ ӨЗІҢІЗДІҢ ТӘУЕКЕЛГЕ ҚОЛДАНАСЫЗ. СИТИБАНК СІЛТЕМЕЛЕР БАР САЙТТАРҒА, САЙТТАРДЫҢ ДЕМЕУШІЛЕРІНЕ НЕМЕСЕ САЙТТАРДЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚАТЫСТЫ МАҚҰЛДАУЛАР НЕМЕСЕ КЕПІЛДЕМЕЛЕР БЕРМЕЙДІ.

11-БӨЛІММЕН КӨЗДЕЛГЕН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, ЖӘНЕ НИЕТ НЕМЕСЕ ӨРЕСКЕЛ АБАЙСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫН ҚОСПАҒАНДА, СИТИБАНК ЖӘНЕ ОНЫҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ, ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ, АГЕНТТЕР, ЛИЦЕНЗИАРЛАР, АҚПАРАТТЫ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ШЕТ ҰСЫНУШЫЛАР СІЗДІҢ, СІЗДІҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫҢЫЗ, ЖҰМЫСКЕРЛЕРІҢІЗ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР АЛДЫНДА ШАРТҚА БАЙЛАНЫСТЫ, ДЕЛИКТ САЛДАРЫНАН (СОНЫҢ ІШІНДЕ АБАЙСЫЗДЫҚ), ЗАҢҒА СӘЙКЕС НЕМЕСЕ ӨЗГЕ НЕГІЗДЕРДЕ, ТІПТІ СОНДАЙ БЫҚТИМАЛДЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРҒАН ЖАҒДАЙДА, ЖҮЙЕНІ НЕМЕСЕ ЖҮЙЕ КОНТЕНТІН ҰСЫНУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ (НЕМЕСЕ ЖҮЙЕНІ НЕМЕСЕ КОНТЕНТТІ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНЗІДІГІ) САЛДАРЫНАН НЕМЕСЕ ОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН ҚАНДАЙ БОЛСА ДА ЗАЛАЛ НЕМЕСЕ ЗИЯН ҮШІН, СОНЫҢ ІШІНДЕ, ШЕКТЕУСІЗ, АЛЫНБАЙ ҚАЛҒАН ПАЙДА, ЖАНАМА, ЕРЕКШЕ, АЙЫППҮЛДЫҚ НЕМЕСЕ ҚОСАЛҚЫ ЗАЛАЛДАР НЕМЕСЕ ЗИЯН ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.

ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАНДЫ ШЕКТЕУСІЗ, СИТИБАНК ОЛ МҮМКІН БОЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАРДА, СІЗДІҢ ТАРАБЫҢЫЗДАН ҚОСЫМША ТӨЛЕМСІЗ, КЕЛІСІЛГЕН МӨЛШЕРЛЕМЕ БОЙЫНША ҚАТЕЛЕРДІ ТҮЗЕТУГЕ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) КЕЛІСІЛГЕН МӘМІЛЕНІ ҚАЙТА ӨНДЕУІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚҰҚЫЛЫ. ОЛ КЕЗ КЕЛГЕН СОНДАЙ ҚАТЕГЕ БАЙЛАНЫСТЫ СІЗДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАНУЫҢЫЗДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ҚҰРАЛЫ (ЖӘНЕ СИТИБАНКТІҢ ЖАЛҒЫЗ МІНДЕТТЕМЕСІ) БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ОСЫ КЕЛІСІМНІҢ ЕШБІР ЕРЕЖЕСІ АДАМ ӨЛІМІ НЕМЕСЕ ДЕНСАУЛЫҚҚА АБАЙСЫЗДЫҚТАН ЗИЯН КЕЛТІРУ ҮШІН, АЛАЯҚТЫҚ МАҚСАТТАРДА ШАТАСТЫРУ ҮШІН НЕМЕСЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚПЕН ЖОҚҚА ШЫҒАРЫЛМАЙТЫН НЕМЕСЕ ШЕКТЕЛМЕЙТІН КЕЗ КЕЛГЕН БАСҚА ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕЙТІН НЕМЕСЕ ЖОҚҚА ШЫҒАРАТЫН РЕТІНДЕ ТҮСІНДІРІЛМЕУГЕ ТИІС.

- 11. Бұзушылықтардың болмауы және залалдың өтелу кепілдімесі.** Ситибанк Сізге, Жүйе, оны осы Келісімге сәйкес қолданған жағдайда, Сіз сондай талап туралы Ситибанкті уақытылы хабардар еткен, Ситибанкке оған жауап беруге және оны реттеуге мүмкіндік берген болсаңыз, және Ситибанкке сондай талапқа жауап беру барысында көмек көрсеткен болсаңыз, кез келген үшінші тұлғаның қандай болса да патенттік немесе авторлық құқықтарын, немесе қандай болса да басқа айрықша құқықтарын (*proprietary rights*) бұзғанына байланысты шығындарыңызды өтеуге және Сіздің сәйкес талап ету сомалардан шектеуге міндеттенеді. Осы залалдарды өтеу міндеттемесі, мәлімденген бұзушылық Жүйені Ситибанкпен тікелей мақұлданбаған кез келген шет жүйемен бірге қолдану нәтижесінде, немесе Сіздің Жүйені қандай болса да өзгертуіңіздің нәтижесінде туындайтын жағдайларға қатысты қолданылмайды. Ситибанк кез келген басқа мәселелер бойынша ешбір басқа залалдарды өтеу міндеттемелерін қабылдамайды.

СИТИБАНКТІҢ ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ЗАЛАЛДАРДЫ ӨТЕУ МІНДЕТТЕМЕСІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, СІЗ СИТИБАНКТІ, ОНЫҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫН, ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ МЕН АГЕНТТЕРІН (А) СІЗДІҢ ЖҮЙЕНІ НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ЖҮЙЕ КОНТЕНТІН ҚОЛДАНУ НЕМЕСЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНСІЗДІГІ (СОНЫҢ ІШІНДЕ ӨКІМДЕРДІ ЖОЛДАУ) САЛДАРЫНАН, НЕМЕСЕ (Б) СІЗДІҢ ОСЫ КЕЛІСІМДІ КЕЗ КЕЛГЕН БҰЗУШЫЛЫҒЫҢЫЗ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАҒАН (ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА) КЕЗ КЕЛГЕН ТАЛАПТАРДАН, ЗАЛАЛДАН, ЗИЯННАН, ШЫҒЫНДАРДАН НЕМЕСЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚОРҒАУҒА ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУГЕ КЕЛІСЕСІЗ.

12. Деректердің құпиялылығы мен оларды қолдану.

- (а) Сіз және Ситибанк, осы Келісімнің барлық тараптары Сізбен Жүйені қолдануға байланысты пайда болған екінші тарап туралы кез келген ақпаратты, оның инвестициялық стратегиясы немесе салымдары, тауарлары немесе қызметтері, кез келген бағдарламалық қамтамасыз етуі туралы, өзге технологиялар немесе зияткерлік меншігі туралы ақпаратты, сонымен қатар кез келген құпиялы және (немесе) дербес ақпаратты құпиялы ретінде (Сіздің Жүйеге қол жетімділігіңіз ішінде және оны тоқтатқаннан кейін) санауға келісесіз, әрбір жағдайда сондай ақпарат – алушы тарап білетіндей (немесе дәлелді түрде білуге тиісті), екінші тараптың құпиялы немесе дербес ақпараты (бұдан әрі бірге – «Құпиялы ақпарат») болып

табылады. Барлық Жүйе Контенті Ситибанкке ерекше негізде тиесілі Құпиялы ақпарат болып табылады. Осы Келісіммен өзгесі көзделген жағдайларды қоспағанда, ешбір тарап екінші тараптың Құпиялы ақпаратын үшінші тарапқа беруге немесе жариялауға немесе сондай Құпиялы ақпаратты осы Келісімге сәйкес рұқсат етілмеген басқа нысанда пайдалануға құқылы емес. Бұл міндеттемелер: (i) осы Келісімді бұзу нәтижесінде емес көпшілікке белгілі болып табылатын немесе болып қалған, (ii) екінші тарапқа заңды негізде оны ашуға уәкілетті болып табылатын үшінші тараптан белгілі болған, (iii) екінші тарапқа қандай болса да басқа тараптың Құпиялы ақпаратын қолданусыз немесе жүгінусіз тәуелсіз негізде белгілі болған, немесе (iv) Қолданыстағы құқыққа немесе осы Келісімге сәйкес, кез келген сот актінің, шақырудың, әкімшілік бұйрықтың, ереженің, нормативтік ереженің шарттарына сәйкес немесе басқа негіздерде жариялануға тиісті болып табылатын ақпаратқа қатысты қолданылмайды. Сіз, Сіздің фирма және Ситибанк Құпиялы ақпаратты тиісті түрде емес қолдануды, санкцияланбаған немесе кездейсоқ ашылуын немесе оның жоғалуын алдын алу үшін тиісті құралдар мен қауіпсіздік шараларын қолдануға келісесіз.

- (б) Сіз (немесе Сіз арқылы) Ситибанкке ұсынған немесе Ситибанк Сізден Жүйе арқылы немесе оған байланысты алған барлық мәліметтер, соның ішінде тіркеу деректері, кіру туралы мәліметтер және Мәмілелер туралы ақпарат Ситибанкке тиесілі болып табылады, және Ситибанк оларды өзінің коммерциялық тәжірибесіне, Қолданыстағы құқыққа және осы Құпиялылық туралы келісімнің ережелеріне сәйкес еркін пайдалануға құқылы.
- (в) Сіз, егер сондай ақпарат өзге деректерден тұратын болса немесе басқа жағдайларға байланысты ол Сізге қатысты немесе Сізбен байланысты екендігі белгісіз болатындай нысанда өңделетін болса, Ситибанк сондай ақпаратты шектеусіз, еркін пайдалануға құқылы екендігімен келісесіз.
- (г) Сіз Ситибанкке ол дәлелді түрде сұраныс еткен барлық құжаттарды және басқа ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ 30 күн ішінде Ситибанкке кез келген бұрың ұсынған ақпараттағы маңызды өзгерістер туралы хабарлауға міндеттенесіз.
- (д) Одан басқа, Сіз Ситибанк Сіз туралы Құпиялы ақпаратты: (i) Жүйені пайдалану және техникалық қызмет көрсету немесе Қолданыстағы құқықтың талаптарын орындау мақсатында – Ситибанктің кез келген қызметтер ұсынушыларына және қызметтер ұсынушылардың кез келген мердігерлеріне немесе агенттеріне; және (ii) ол Сіз және (немесе) Сіздің фирмаңыздағы кредиттік тәуекелдер көлемін талдау жүргізу үшін, немесе Сіз және (немесе) Сіздің фирма және Ситибанк (және оның аффилиирленген тұлғалары) арасындағы іскерлік қатынастарды басқару мақсатында, немесе Қолданыстағы құқық талаптарын орындау үшін дәлелді қажетті болып табылатын деңгейде – Ситибанктің аффилиирленген тұлғаларына; және (iii) олардың талабы бойынша немесе оны Қолданыстағы құқық талап ететін жағдайларда мемлекеттік және реттеуші органдар мен мекемелерге, ведомстволар мен соттарға (ұлттық немесе шетел) жариялауға құқылы болатындығымен келісесіз, сонымен қатар Ситибанк сондай (i) және (ii)-бөлімшелерде көрсетілген Құпиялы ақпаратты алушыларға, Ситибанкпен Құпиялы ақпаратты осы Келісімге сәйкес пайдалануына қатысты қолданылатын сияқты, құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттемелер жүктелетінін қамтамасыз етуге міндеттенеді.
- (е) Сіз Ситибанк немесе оның уәкілетті тұлғалары немесе өкілдері Сізбен Жүйені қолдануды мониторинг жүргізіп, есепке алуын жүзеге асыратынын, сондай-ақ Жүйені пайдалануына және біз жасасатын кез келген Мәмілелерге байланысты Сізбен және Сіздің фирманың қызметкерлері немесе агенттері араңыздағы телефон арқылы сөйлесулерді және хабар алмасудың басқа тәсілдерін мониторинг жүргізіп, жазуға құқылы екендігін мойындайсыз және онымен келісесіз. Сондай сөйлесу мен хабар алмасудың басқа түрлерін жазудың (есепке алудың) көшірмелерін сұраныс бойынша 5 (бес) жыл ішінде немесе Қолданыстағы құқықтың немесе заңнан туындаған актілердің/қадағалау органдарының ұйғарымының талаптарын орындау үшін қажетті мерзім ішінде алуға болады.
- (ж) Сіз және Ситибанк, Сіздің 12(б)-(в) и 12(д)-(е)-бөлімдерінде көрсетілген келісуіңізді Ситибанк немесе оның аффилиирленген тұлғалары, Еуропа Комиссиясының деректерді қорғау туралы Директивасына (95/46/ЕС) және сол Директиваны күшіне енгізетін кез келген заңнамалық актілерге, сондай-ақ GDPR-ге сәйкес ұсынылатын қорғауға ұқсас болып табылатын деректер субъектілерінің (бұл терминге GDPR-де берілген анықтауға сәйкес, деректерді қорғау туралы қолданыстағы заңға және (немесе) заңнан туындаған актіге сәйкес мағынасы бойынша ең жақын анықтауға сәйкес) дербес деректерін қорғауға бағытталған (бұл терминге GDPR-де берілген анықтауға сәйкес, деректерді қорғау туралы қолданыстағы заңға және (немесе) заңнан туындаған актіге сәйкес мағынасы бойынша ең жақын анықтауға сәйкес) Деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламентке (ЕС) 2016/679 ("GDPR") және

Еуропалық экономика аймағынан тыс жердегі кез келген елдің (Елдер туралы қосымшада аталған Азия-Тұнық мұхит аймағының елдерінен басқа) заңдары және (немесе) заңнамалық актілеріне сәйкес, соның ішінде атап айтқанда Біріккен Патшалықтың, Гернси, Израиль, Джерси, Марокко мен Швейцарияның деректерді қорғау туралы заңдары немесе заңнамалық актілеріне (бірге - «Деректерді қорғау туралы сәйкес құқық») сәйкес деректерді өңдеу үшін құқықтық негіз ретінде қолданбайтынын мойындайсыз және онымен келісесіз. Осы Келімінің мақсаттарында «Деректерді қорғау туралы сәйкес құқық» Елдер туралы қосымшада аталған Азия-Тұнық мұхит аймағының елдерінің деректерді қорғау туралы заңдары немесе заңнамалық актілерін қамтымайды, және осы 12(ж)-бөлім Елдер туралы қосымшада аталған Азия-Тұнық мұхит аймағының қандай болса да елдеріне қатысты қолданылмайды.

- (з) Ситибанктің өнімдерді тұрақты дамыту және жетілдіру жөніндегі саясаты аясында Ситибанк барлық пайдаланушылардың Жүйеге қолжетімділігі және (немесе) оны пайдаланудың сипаттамасын, жиілігі мен көлемін қадағалап отырады және есепке алуын жүргізеді. Ситибанк сондай ақпаратты тек қана жиынтық әрі құпиялы мәліметтер ретінде пайдаланады.
- (и) Уақыт уақытымен, Сізге Жүйені пайдалануға немесе дауалы мәселелерде көмек көрсету үшін, Ситибанк сіздің компьютеріңіздің маманданымын және (немесе) сәйкес компьютерлік ортасын анықтау мақсатында, немесе онда сақталатын Мәмілелер туралы (немесе олармен байланысты) мәліметтерді алу мақсатында, Сіздің компьютермен байланысатын болады.
- (к) Ситибанк Жүйеде Сізбен жасалатын кез келген Мәмілелерге қатысты сақтайтын мәліметтер (соның ішінде, мысалы, сауда операциялар мен аудит журналы) Ситибанк Қолданыстағы құқықтың немесе қадағалау органдардың заңнан туындаған актілердің/өкімдерінің талаптарын орындау үшін қажетті болатын барлық мерзім ішінде сақтайтын болады.
- (л) Сіз және Ситибанк Сіздің 12(б)-(в) и 12(д)-(е)-бөлімдерінде көрсетілген келісуіңізді Ситибанк немесе оның аффилирленген тұлғалары, Еуропа Комиссиясының деректерді қорғау туралы Директивасына (95/46/ЕС) және сол Директиваны күшіне енгізетін кез келген заңнамалық актілерге, сондай-ақ Деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламентке (ЕС) 2016/679 (уақыт уақытымен өзгертіле немесе алмастырыла алатындай) және Біріккен Патшалық, Джерси немесе Швейцарияның кез келген сол сияқты заңдарына немесе заңнан туындайтын заңнамалық актілеріне, соның ішінде жоғарыда аталған мемлекеттердің заңдарынан немесе заңнан туындайтын заңнамалық актілеріне уақыт уақытымен енгізілетін кез келген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес деректерді өңдеу үшін құқықтық негіз ретінде қолданбайтынын мойындайсыз және онымен келісесіз.

13. Деректерді қорғауға байланысты мәліметтер

- (а) 12-бөлімінің ережелерін шектеусіз және Сізге Ситибанкпен Жүйені және қосымшы қызметтерді, ақпаратты ұсыну мақсатында және соған байланысты Ситибанкпен өзінің қызметін әкімшілік басқаруы мен Қолданыстағы құқықты сақтау мақсатында, Сіз Жүйені пайдалану арқылы, төмендегілермен келісесіз:
 - (i) Ситибанк Сіз, Сіздің фирманың жұмыскерлері немесе агенттері Сізге, Сіздің фирмаға, Сізбен және(немесе) Сіздің фирмамен Жүйені пайдалануына қатысты ұсынатын кез келген дербес деректерді Жүйені және қосымша қызметтерді/ақпаратты ұсыну және Сізді Жүйеге немесе оны Сіз пайдалануына байланысты өзгерістер жөнінде хабарландыру үшін қолдануға құқылы;
 - (ii) Ситибанк кез келген сондай дербес деректерді өңдеуге және оларды Сіз немесе Сіздің фирма Жүйені пайдалануына және Ситибанктің Жүйені қолдануына байланысты, сондай-ақ Сіз және Сіздің фирма мен Ситибанк арасындағы қарым-қатынастарға байланысты, соның ішінде (шектеусіз): (i) мемлекеттік және реттеуші органдар мен мекемелер алдында міндеттерді орындау; (ii) кез келген Қолданыстағы құқықтың талаптарын, соның ішінде, атап айтқанда, салық салу және заңсыз жолмен пайда болған ақшалай қаражатты заңдастыруға қарсылық білдіру саласындағы заңнамалық және заңнан туындайтын актілердің талаптарын орындау; (iii) Жүйені пайдалану немесе қолдануға байланысты, Ситибанктің кәдімгі шаруашылық қызметінің кез келген бөлігін үшінші тұлғаларға тапсыру немесе қосалқы мердігерлікке беру; (iv) Сізге Сіздің Жүйені пайдалануыңызға байланысты көрсетілетін қызметтерді мониторинг жүргізу (сондай мониторингті Ситибанк немесе үшінші тұлға жүзеге асыратынына қарамастан); және (v) кредит тарихтары бюросымен және кредит ақпараттары агенттіктерімен ақпарат алмасы мақсаттарда кез келген өзінің аффилирленген тұлғаларына, агенттеріне, қосалқы мердігерлеріне немесе үшінші тұлғаларға (соның ішінде (i)-(v)-бөлімшелерде аталған үшінші тұлғалар санаттары) беруге (соның

ішінде ЕС стандарттары бойынша орынды болып табылмайтын құпиялы ақпаратты қорғаудың стандарттары қабылданған, Еуропалық экономика аймағынан тыс жерлерде) құқылы.

- (б) Егер Сізге немесе Сіздің фирманың жұмыскерлеріне, немесе басқа жеке немесе заңды тұлғаларға тиесілі кез келген дербес деректер (ерекше сипаттамадағы дербес деректерді қосқанда) («Дербес деректер») Ситибанкке Сізден немесе Сіз арқылы белгілі болса, Сіз сондай тұлғалар аталған дербес деректерді жоғарыда көрсетілген және төменде көрсетілген бөлімдердегі тәртіпте пайдалану қажеттілігі туралы хабарлар екенін және онымен келсетінін растайсыз (ол Ситибанк пен оның аффилирленген тұлғалары сондай дербес деректерді қолданыстағы құқыққа сәйкес қолданатыны үшін талап етілетін деңгейде) және кепілдіме бересіз, сондай-ақ Сіз Ситибанкке және оның аффилирленген тұлғаларына олардың кез келгені Сізбен бұл кепілдіме мен растауды бұзған жағдайда көтерген кез келген зиян немесе залалды өтеуге және одан қорғауға келісесіз;
- (в) Сіз бізбен дербес деректерді пайдалануына қатысты және деректерді қорғау мәселелеріне қатысты қосымша ақпарат Жүйеге қатысты деректердің құпиялылығын сақтау туралы бөлек мәлімдемеде көрсетілуі мүмкін болатындығын мойындайсыз;
- (г) Сіз және Ситибанк 13(а) –бөлімін Ситибанк немесе кез келген оның аффилирленген тұлғасы Деректерді қорғау туралы сәйкес құқықпен көзделген тәртіпте деректерді өңдеу үшін құқықтық негіз ретінде қолданбайтынын, ал осы 13(г)-бөлімі Елдер туралы қосымшада көрсетілген Азия-Тұнық мұхит аймағындағы қандай да елдерге қатысты қолданбайтынын ойындайсыз және онымен келісесіз. .

14. Ситибанкпен жасалатын өзге келісімдер. Осы Келісім Сіз және Ситибанк арасындағы барлық әрекетті негіздемелік келісімдерді немесе қызмет шарттарын, сондай-ақ мәмілелер шарттарын кез келген растауларын толықтырады. Егер осы Келісім Сіз және Ситибанк арасындағы кез келген сондай келісімдерге немесе қызмет шарттарына қайшы болса, осы Келісімнің шарттары тек қана Сізбен Жүйені пайдалануына қатысты басыңқыл болып табылады. Осы Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні және оның кез келген аудармасы арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқа басыңқыл болып табылады.

